

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Номиналды ұстau қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысуышыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар ұстauышының жеке шотынан үзінді көшірмені ресімдеу мен беру және номиналды ұстauышының ақпаратты ашу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандығы № 61 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 242 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 қантарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5985 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандығы № 210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014.10.22 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Номиналды ұстau қызметін көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысуышыларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Агенттік Басқармасының «Номиналды ұстau қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысуышыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар ұстauышының жеке шотынан үзінді көшірмені ресімдеу мен беру және номиналды ұстauышының ақпаратты ашу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандығы № 61 қаулысына(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4138тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер

енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Номиналды ұстau қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысуышыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар ұстauышының жеке шотынан үзінді көшірмені ресімдеу мен беру және номиналды ұстauышының ақпаратты ашу ережесінде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) пайдасына бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған тұлғалар туралы;»;

мынадай мазмұндағы 23-2 және 23-3-тармақтармен толықтырылсын:

«23-2. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысуышы лицензиясынан айырылған жағдайда номиналды ұстаушы клиенттердің номиналды ұстауға берілген активтердің қайтаруын қамтамасыз ету мақсатында номиналды ұстаушының есеп жүргізу жүйесінде клиентпен номиналды ұстау жөнінде жасалған шарт аясында ашылған шоттардағы активтерді есептен шығару жөніндегі бұйрықтарды номиналды ұстаушыға ұсыну қажеттілігі туралы клиенттерді хабардар етеді.

Номиналды ұстаушы клиенттің активтерін есептен шығару жөніндегі бұйрығын алған жағдайда осы Ереженің 23-1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді орындауды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны клиентке жіберген күннен бастап тоқсан күнтізбелік күн ішінде клиенттің активтерін есептен шығару туралы бұйрықты не клиенттің орналасқан жерде (тұрғылықты жері бойынша) болмауы туралы хабарламаны алмаған жағдайда, номиналды ұстаушы:

1) орталық депозитарийге орталық депозитарийдің есеп жүргізу жүйесінде ашылған номиналды ұсатушының шотынан бағалы қағаздарды кейін оларды эмитенттің бағалы қағаздарын ұсатушыларының тізілімдері жүйесін жүргізуі жүзеге асыратын тіркеушінің номиналды ұстаушының клиентіне бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесінде ашылған жеке шотына есепке алуы мақсатында бағалы қағаздарды есептен шығару жөнінде бұйрық жібереді;

2) клиенттің ақшасын, кейіннен оларды номиналды ұстаушының осы клиентіне тапсыру үшін, нотариус депозитіне береді;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген әрекеттерді жасағаны туралы клиентті хабардар етеді.

Орталық депозитарий номиналды ұстаушының шотынан клиенттердің активтерін есептен шығаруды номиналды ұстаушының бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

23-3. Орталық депозитарий номиналды ұстаушының бұйрығын алған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізуі жүзеге асыратын тіркеушіге номиналды ұстаушыға оның клиенті номиналды ұстаудың есебін жүргізу жүйесінде жеке шотты ашу үшін ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын және

1) номиналды ұстаушының клиенті болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иесіне тізілімдер жүйесінде жеке шотты ашу;

2) номиналды ұстаушының клиенті болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иесіне бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде ашылған

жеке шотына оған тиесілі бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі бұйрықтарды жібереді.

Тізілімдер жүйесіндегі жеке шотқа есепке алынған бағалы қағаздардың меншік иесі орталық депозитарийге өтініш жасаған жағдайда орталық депозитарий оған жеке шотының деректемелері мен осы жеке шотты ашқан тіркеуші туралы мәліметтерді ұсынады.»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Бағалы қағаздар ұстаушының жеке шотын жабу бойынша операцияны:

1) жеке шотты жабу жөніндегі бұйрықтың негізінде;

2) егер осы клиентпен жасалған номиналды ұстап туралы шартта өзге мерзім белгіленбесе соңғы он екі айда осы жеке шотта бағалы қағаздар болмаған жағдайда;

3) номиналды ұсташы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда клиентке барлық активтер қайтарылған жағдайда номиналды ұсташы жүргізеді.

Жеке шотты жапқан кезде клиентке номиналды ұсташының ішкі құжатында белгіленген нысанда тиісті хабарлама жіберіледі.»;

1-қосымшаның екінші кестесінің «ауыртпалық» деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

пайдасына ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғаны көрсете отырып, ауыртпалық салынған

» ;

2-қосымшаның үшінші кестесінің «ауыртпалық түсірілген және (немесе) оқшауланған» деген бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

«

пайдасына ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғаны көрсете отырып, ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған

».

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға аласын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің

мұдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымның орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

E. Бахмутова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК